



Менің

e-mail: agun.katu@gmail.com • www.kazatu.kz

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы
ҚАЗАТУ СТУДЕНТ
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТІ

УНИВЕРСИТЕТІМ

Құрметті ұстаздар мен қадірлі студенттер!



Нұр тамшыларын аямай төккізіп, қиындықтың бәрін өткен жылға өткізіп, Самарқанның көк тасын ерітіп, жыл құстарының әнін шалқытып, Сарыарқаны самал желге сүйгізіп келген Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтаймын! Наурыз – жыл басы, күн мен түннің теңелер шағы. Ұлы мереке – Әз-Наурыз ежелден бері жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы іспеттес. Наурыз шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтіледі. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды дәстүрге айландырған. Бүгінгі таңда бабаларымыз аңсаған ынтымағы берік, әлемдік аренада өз

орыны бар іргелі мемлекетке айналдық.

Бүгінде Наурыз мерекесін үлкен жетістіктермен қарсы алудамыз. Оқу ордамызды өркендетуге, білім сапасын жақсартуға бағытталған ауқымды шараларды жүзеге асырудағы қажырлы қызметтеріңіз үшін алғыс білдіремін. Әз-Наурыз мерекесі еңселі елімізге толағай табыстар, жарқын жетістіктер, әр отбасына құт-береке, ынтымақ-бірлік, берекелі дастарқан, ізгілік пен татулық әкелсін! Көктемнің жайдары күндерінде шаңырақтарыңызда қуаныш пен шаттық, бақыт пен молшылық тұрақтасын!

Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, баянды бақыт, қажымас қайрат және толағай табыстар тілеймін!

*Ізгі ниетпен,
Ректор А.Күрішбаев*

*Наурыз мейрамы
құтты болсын!*



Бекболат Байсағатовтың мерейтойлық кеші

ҚАЖАС

Сиқырлы флейта



2018 жылы 14 наурыз күні «Астана» концерт залында ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық байқаулардың лауреаты, профессор, флейташы Бекболат Байсағатовтың мерейтойлық шығармашылық кеші өтті.

60 жылдық мерейтойын өнер майталманы сахнада атап өткенді жөн санады. Бірінші кезекте сахнаға Астана қаласының Симфониялық оркестрінің өнерпаздары шықты.

Содан кейін солист пен дирижер ортаға шақырылып, қол алысып, сахнадағы өз орындарына жайғасты. Сиқырлы флейта мен оркестрдің үні көрермендерді ерекше күйге бөледі. Өнерпазға тек оркестр ғана емес, залға жиналған барлық көрермен бағынғандай болды.

Мерейтой иесін Халықаралық байқаулардың лауреаты, Санкт-Петербург қаласындағы Мариинский және Ла Скала театрларының солисті Михаил Векуа, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртістері Роза Рымбаева, Нағима Есқалиева, Нұржамал Үсенбаева құттықтады. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеттің өнер және шығармашылық факультеті деканын оқу ордамыздың атынан ректор Ақылбек Қажығұлұлы құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Концерттік бағдарламада С.Прокофьев, К.Рейнеке, Дж.Россини, К.Стамица, Г.Клюка, А.Вильвади, Т.Альбинони және И.С.Бахтың шығармалары орындалды.

Кеш қонақтары мен көрермендер сиқырлы флейта әуеніне толы естен кетпес шығармашылық кештен керемет әсер алып, Бекболат Төкешұлына тік тұрып қол соқты.





Ұстазға тағзым

Ұстаздық мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үніле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады.

В.А.Сухомлинский

Білім беру кеңістігінде тәжірибелі де білімді, өз мамандығының шебері С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің

қалыптасуына зор үлес қосқан ұлағатты ұстаз Моисей Аронович Гендельман көзі тірі болса 2018 жылдың 25-наурызында 105 жасқа толар еді.

Ұзақ жылдар бойы ұстаздық жолында өзінің еңбегімен дараланған Моисей Аронович жайлы ерекше ілтипатпен айтуға болады. Ол – ең алдымен ұлағатты ұстаз. Себебі ғибратты ғұмырының қымбат шақтарын болашақ буындарды оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнады. Ұстаз туралы сәулелі сөз, саналы ой қозғау үшін ғалымның жүріп өткен жолдарына нақтыламауға болмас.

М.А. Гендельман Қазақ агротехникалық университетінің ұйымдастырылуы мен даму сатысының бастауында тұрған, Солтүстік Қазақстан өңірінде басталған тың жерлерді игеру науқанына белсенді араласып, сол жылдары аталмыш шараға ғылыми негіздеме жасаған ірі тұлға. Саналы ғұмырының 70 жылдан астам уақытын қоғам байлығының бастауы болып табылған, жерге орналастыру саласына еңбек еткен маман нағыз аграрий ретінде бүкіл Кеңес көлеміне танымал болды.

Ол Қазақстанда жерге орналастыру мектебінің құрылуына ұйытқы болған, әрі негізін қалаған дарынды ғұлама. Оның ғылыми мектебінің тәрбиеленушілері қазіргі Қазақстанда, Украинада, Өзбекстанда, Тәжікстанда, Әзербайжанда, Алманияда және Ресейде сәтті қызмет істеп ғалымның ізгі жолын жалғастыруда.

Моисей Ароновичтің биографиясына тоқталатын болсақ, әр түрлі заманмен түрлі жәйттермен өрнектелген. Ол тек ғана Ұлы Отан соғысының тірі куәгері емес, талай тарихи жағдайлар мен маңызды оқиғалармен бетпе-бет кездесіп басынан өткерген. Соның негізгілерін атап айтсақ, коллективизация, тың және тыңайған жерлерді игеру, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне ие болу және нарықтық экономикаға өту кезеңі. Бірақ, ол осы ел үшін аса маңызды, қиын қыстау өтпелі кезеңдердің тек куәгері ретінде ғана емес, соның барлығына белсенді түрде атсалысып, біте қайнасып өз үлесін қоса білген абзал жан ретінде өшпес із қалдырған өз заманының үздік қаламгері.

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін М.А. Гендельман әріптестерімен бірлесе отырып еліміздегі жер реформасының ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілу бағытына бетбұрыс жасады. Қазақстан Үкіметі қабылдаған жерді қорғау және тиімді пайдалану концепциясын негіздеуде, ҚР-ның Жер кодексін және басқа да нормативтік актілер мен нұсқаулықтарды жасауға зор үлесін қосты.

Еліміздегі тіпті Кеңес Үкіметі көлемінде жерге орналастыру ғылымының дамуы мен қалыптасуына қосқан үлесі үшін 1961 жылы «Знак Почета», 1966 жылы «Трудового Красного Знамени», 1981 жылы «Дружбы народов» орденімен марапатталады. Сонымен

қатар 1968 жылы ҚазССР-не еңбек сіңірген қайраткері құрмет атағы берілді.

М.А. Гендельман белсенді өмірі мен ғылыми жолының ұйымдастырылуы жөнінде жазған көп қырлы эпилогы «О мире войне и о матушке земле» атты кітабы жарық көрді. Аталған еңбек екі мәрте басылып шығарылды, екінші басылымы 2005 жылы қайта жарық көрді. Бұл еңбекте ғалымның жүріп өткен жолының тармақтарының барлығына, яғни қызметі жөнінде, соғыс жайында, жанұялық өмірі және тағы басқа көптеген оқиғалар қамтылған. Кітаптың оқылуы тілге жеңіл, әсерлі тарихи фотосуреттермен көрнекіленген аса құнды мұрасының бірі. Мұнда бір адамның өмір жолы ғана емес, бүтіндей бір дәуірді сипаттайтын мағлұматтар қамтылған ерекше бағалы қолжазба.

Жалпы М.А. Гендельман айналасындағылармен бірлесе жұмыс жасағанды ұнататын. Оның ұйытқы болуымен жерге орналастырушы ғалымдардың үлкен мектебінде әр жылдарда 7 ғылым докторы 41 ғылым кандидаты шығарылса, 38 кандидаттық және 18 докторлық диссертациялар бойынша оппонент болды. Соның ішінде қазіргі күні ғалымның ізбасарларынан аталмыш оқу орнында 4 ғылым докторы 14 ғылым кандидаты ғалымның бастаған ісін еліміздің әр өңірінде жалғастыру үстінде. Бұл ғалымның шәкірттерімен тамырын жайған бәйтерегіне айналғандығының анық бейнесі.

Профессор М.А. Гендельман – тек ғалым емес, жоғарғы білім беру жүйесінің белді ұйымдастырушысы. Оған себеп, 1961 жылдан бастап 1982 жылға дейін осы ірі жоғарғы оқу орнының ректоры болып жемісті қызмет ету барысында жоғарғы білім беру ісін жетілдіру мақсатында талай еңбектерін жарыққа шығарды. Осылардың бір дәлелі ретінде Целиноград ауылшаруашылық университетінің аты бүкіл Кеңес Одағына танымал болып, әр жылдары атының асқақтап тұруын айтуға болады.

Білім ордасында бірге қызмет атқарған мерзім аралығында ол кісінің кеңдігі мен кішіпейілділігі, мейірімі мен адамгершілігі, соншалықты атақ даңқына қарамастан қарапайымдылығы және еңбекке деген ерекше ынтызарлығы өзгелерден оны ерекшелендіріп тұратын. М.А. Гендельман қашанда талаптылардың тынысын ашып, қанаттандырып жіберуді дәстүрге айналдырған. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға...» деген тағылымды сөзді жаны жомарт осы кісіге арнап айтсам артық емес. Оның қамқорлығына бөленіп, мейірімін көргендердің Ұлы ұстазға алғыстары шексіз екендігі анық.

Асыл арман мен ерен еңбек адамды биікке жетелейді, құлаш жайып кеңінен самғауға күш береді. Жастайынан білімге құштар М.А. Гендельман шыққан биігі ұзақ жылғы

еңбегінің жемісі. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» деп дана еліміз осындай тұлғаларды даралауға берген мұрасы деп ойлаймын. Шәкірт тәрбиелеп, ірі көлемдегі ел ісіне араласып, ғылымға зор үлес қосқан осындай шоқтығы биік тұлғадан білім алып, ағартушылық жолында қызметтес болу мен үшін жоғарғы мәртебе десем, артық айтқандық емес.

Жер ресурстарын басқару, сәулет өнері және дизайн факультетінің деканы, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Р.Қ. Әбілдина



Человек – легенда



25 марта 2018 года исполняется 105 лет удивительному человеку, основоположнику землеустроительной школы в Казахстане, известному ученому-аграрию, заслуженному деятелю науки КазССР, почетному гражданину г.Астаны, доктору экономических наук, профессору Моисею Ароновичу Гендельман. Имя Моисея Ароновича тесно связано с нашим университетом (ранее Целиноградский сельскохозяйственный институт - ЦСХИ). Долгие годы, более 20 лет, он был ректором ЦСХИ. Затем, до последнего дня, отдал себя родному университету, любимой работе, коллективу землеустроительного факультета, студентам.

Моисей Аронович был глубоко предан своей работе, на протяжении всех лет занимался наукой, был в постоянном общении с молодым поколением. Он умел зажечь людей, повести их за собой. К нему тянулись студенты, аспиранты, преподаватели, каждый хотел, чтобы он был научным руководителем.

Став студенткой землеустроительного факультета ЦСХИ (КазАТУ им. С. Сейфуллина) в 1985 году, я узнала Моисея Ароновича. В первый день занятий в институте был проведен открытый урок, который начался с краткой истории, мы узнали, что наш факультет был основан в числе первых со дня основания, а основателем землеустроительной школы в Казахстане являлся Моисей Аронович. Сейчас это День знаний. Моисей Аронович читал нам лекции. То, как он читал лекции – не передать словами! В каждое слово была вложена душа, все его знания, весь его опыт! Мы с большим удовольствием посещали его лекции.

Впоследствии судьба подарила мне прекрасную возможность - я стала аспиранткой Моисея Ароновича и очень горжусь тем, что его ученица. Предыстория такова. Землеустроительный факультет я окончила в 1990 году, до 1994 года работала на производстве. С 1994 года устроилась на кафедру земельного кадастра ассистентом. При приеме на работу мне сказали: «Преподавать – это мало, нужно заниматься наукой и поступать впоследствии в аспирантуру». Кроме того, на заседаниях Ученого совета факультета всегда ставился вопрос о подготовке кадров. Так у меня появилось желание поступить в аспирантуру, несмотря на то, что у меня было двое маленьких детей – 5 и 9 лет. В 1997 году я стала аспиранткой.

До того как Моисей Аронович стал моим руководителем, я часто обращалась к нему с просьбой пользоваться его библиотекой. У Моисея Ароновича была прекрасная библиотека, в которой находились редкие экземпляры книг по землеустройству, и все чаще стала приходить. Однажды я попросила его стать моим научным руководителем. Не долго, думая, он ответил: «Гульнара, я сам сегодня хотел Вам предложить стать моей аспиранткой». С этого дня, почти каждый день, ходила на консультации к нему домой. Моисей Аронович принимал аспирантов дома в личном кабинете. Очень редко на работе. Предпочтение дому было отдано потому, что в любую минуту мы могли найти нужную книгу в личной библиотеке.

После смерти супруги Моисея Ароновича Александры Максимовны с особой любовью о нем заботилась его средняя дочь Светлана и ее супруг Александр Михайлович Треблер, все они жили вместе в одной квартире.

Светлана Моисеевна строго следила за соблюдением режима своего отца. У него весь день был расписан по времени. Свой визит я всегда согласовывала лично с Моисеем Ароновичем, чаще со Светланой Моисеевной. Первые 2 года мое время было с 17 до 19 часов, но ни в коем случае на минуту позже 19 часов, т.к. в это время начинались новости. Новости Моисей Аронович смотрел с упоением. Он раздражался, если в это время кто-нибудь вдруг звонил по телефону. Поэтому Светлана Моисеевна всех



Моисей Аронович с дочерьми

тактично предупреждала, чтобы его не беспокоили во время обеденного сна и во время трансляции новостей.

Моисей Аронович всегда был предан своей работе, любил приносить людям пользу, и, как любой хороший учитель, был рад помочь людям, поставившим цель заниматься наукой, писать диссертации, учебники, научные статьи. С приближением завершения написания кандидатской диссертации, я стала ходить к наставнику 2 раза в день: с 11 до 13 часов и с 17 до 19 часов. Мы усиленно работали, обсуждали каждое предложение. Время проходило незаметно. Как только я приходила домой, чтобы ничего не забыть, сразу садилась за диссертацию и могла работать всю ночь. Это было прекрасное время работы, т.к. детки сладко спали в этот момент, и ничто не могло меня отвлекать. Когда на следующий день с утра показывала исправленный вариант, он не мог поверить, как за такой короткий период можно выполнить такую работу! Такая скорость в работе достигалась мной с помощью компьютера, который только-только начинал входить в нашу жизнь. К счастью, у меня был ноутбук.

С особой теплотой вспоминаю консультации: с Моисеем Ароновичем беседа и обсуждение диссертации могли проводить во время прогулки на свежем воздухе, возле дома. В то время у него понемногу начали «сдавать» ноги. И это было единственным его слабым местом. Поэтому врачи рекомендовали больше ходить пешком.

Несмотря на преклонный возраст у Моисея Ароновича была прекрасная память. Он помнил каждое свое слово, замечание для исправления, и даже все номера телефонов, в том числе сотовых. Ведь даже молодые люди и в то время, и сейчас, не могут запомнить два или три номера на память.

Мое частое общение с Моисеем Ароновичем дало результат: я чувствовала, какой вопрос он мне задаст, и то, как ответил бы он сам, поскольку за 3 года совместной работы я знала, какие проблемы в области земельных отношений его волнуют, его видение, точку зрения. Главный вопрос, который его волновал в то время – разработка Земельного Кодекса нашей республики. Он был всецело поглощен земельной реформой, являлся членом рабочей группы по разработке Земельного Кодекса. Все свое свободное время он посвящал разработке предложений по совершенствованию земельных отношений. Почти все его предложения были приняты рабочей группой, созданной Правительством РК, и вошли в Земельный кодекс РК.

Сегодня, оглянувшись назад, мы с уверенностью можем сказать, что научная и физическая активность Моисея Ароновича, чувство своей полезности, стремление привлечь молодежь к науке, придавало ему сил, здоровья и стремления жить!

Однажды, 3 августа 2005 года, меня шокировало известие – смерть Моисея Ароновича. Буквально за 1 день до его смерти, он звонил мне домой. Это было время отпуска. Меня не было дома. Дети знали его голос и сказали: «Мама, тебе звонил дедушка». Так они его называли. Но было уже поздно, я знала, что после 19 часов его лучше не беспокоить. А на утро – весть о его смерти. Я часто задаю себе вопрос – что он хотел сказать? Это до сих пор осталось загадкой.

В 2013 году университет отмечал 100-летие со дня рождения Моисея Ароновича. Подготовка началась за один год вперед. Я, конечно же, была в составе рабочей группы по празднованию 100-летия. Было много мероприятий, за которые была ответственной, но самое важное – разработка сценария к документальному фильму, посвященному 100-летию Моисея Ароновича. Тогда я обратилась к Светлане Моисеевне, кому как не ей знать все подробности его жизни. Светлана Моисеевна была очень взволнована представленной ей миссией. Она, в свою очередь, собрала свою редколлегию, т.е. своих друзей. В один прекрасный вечер мы собрались за ужином обсудить сценарий: ее супруг Александр Михайлович, друзья семьи Байгарины Ойрат Абдуалиевич и его супруга Герта Петровна, Кривошапова Татьяна Васильевна. Все погрузились в воспоминания, перебрали десятки фотографий. В такой теплой обстановке и полном взаимопонимании был разработан сценарий к документальному фильму.

Время так скоротечно. 100-летие со дня рождения было как будто вчера. Но сегодня уже 105-летие. И хотя его нет с нами, память о Моисее Ароновиче до сих пор жива: студенты и магистранты обучаются по учебникам, написанным им; конференц-зал университета назван в честь Моисея Ароновича; на стене дома, где он жил, установлена мемориальная доска; на факультете функционирует музей, который является визитной карточкой, и с которого начинается День знаний для студентов-первокурсников.

Курманова Г.К., доктор экономических наук,
заведующая кафедрой «Кадастр и оценка»

ҚазАТУ студенттері ауыл шаруашылығын цифрландыру, алқаптардың электрондық картасын жасауға аттанды



Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырысы бойынша ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану үшін Қазақстан алқаптарының электрондық картасын құруға негізделген агроөнеркәсіптік кешенде цифрландыру шаралары жүргізілуде.

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ ауылшаруашылық саласында мамандарды даярлайтын жетекші оқу орындарының бірі болғандықтан білім ордасынан барлығы 71 болашақ маман ауыл шаруашылығын сандық жүйеге енгізу мақсатында Ақмола облысының әр ауылдарына жөнелте бастады.

Жұмыстарды орындау үшін аталмыш шараға жерге орналастыру, сәулет және дизайн, агрономия факультетінің, 2, 3 және 4 курс студенттері тартылуда. Студенттер кәсіби шеберліктерін факультеттегі «Геомониторинг және

қашықтықтан зондтау», «Жерге орналастыру және кадастр» мамандандырылған ғылыми зертханаларында, сондай-ақ ГАЖ орталығында дамытып отырады.

Студенттер 2 ай көлемінде Ақмола облысы алқаптарын цифрлау жұмыстарымен айналысады. «Алқаптардың электрондық карталарын жасау» ғылыми-зерттеу жобасының аясында дерекқорға байланысты электронды карталар әзірленеді. Ауылшаруашылық жерлерінің картасы ауыл шаруашылық дақылдарын егу үшін үнемді және қаражатты ұтымды пайдалану, жедел әкімшілік шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

ҚазАТУ студенттері VII қысқы Универсиададан жүлделі оралды

2018 жылдың 1 – 12 наурыз аралығында Павлодар қаласында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының ұйымдастыруымен жоғары оқу орындары студенттері арасында VII қысқы Универсиада болып өтті.



Биылғы Универсиада спорттың шаңғы жарысы, қысқы Президенттік көпсайыс, қысқы спорттық бағдарлау, футбол, армрестлинг, гир тасын көтеру, пауэрлифтинг, баскетбол және қазақ күресі түрлерінен ұйымдастырылды.

Екі жылда бір рет өткізілетін іс-шараға университетіміздің шаңғы спорты, баскетбол және қазақ күресі бойынша құрама командалары да қатысқан болатын. Қазақ күресі бойынша өткен жарыс нәтижесінде ерлер арасында техникалық факультеттің 3 курс студенті Андос Анафияев 82 кг салмақ дәрежесінде Универсиаданың күміс жүлдегері атанса, қыздар арасында агрономия факультетінің 1 курс студенті Жанерке Медетхан 52 кг салмақ дәрежесінде қола медальді жеңіп алды.

Спортшыларымызды жеңістерімен құттықтап, алдағы уақытта сәттілік тілейміз!





Соревнования по лыжным гонкам

17 марта 2018 года на лыже-роллерной трассе городского парка профессорско-преподавательский состав и сотрудники Казахского агротехнического университета им.С.Сейфуллина участвовали в соревнованиях по лыжным гонкам в программе традиционной спартакиады «Бодрость и здоровье». Перед стартом первый заместитель председателя Правления Абдыров А.М. пожелал удачи участникам.

Участники соревнований стартовали по своим возрастным группам, утвержденным по регламенту спартакиады. По итогам соревнований, где участвовали 52 преподавателя и

сотрудника, I место в командном зачете выиграла команда факультета ветеринарии и технологии животноводства, II место заняла команда факультета компьютерных систем и профессионального обучения, III место - команда агрономического факультета.

Победители и призеры награждены дипломами спортивного клуба.



С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының «Менің университетім» газеті.

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп,

16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген. Баспасөз орталығының

шығарушы редакторы - Б.Хабай, Дизайн және беттеуші - А. Армияқызы,

редакцияның мекен-жайы: Астана, Жеңіс даңғылы 62,

Телефоны: 8 /7172/ 39 57 07, газет ай сайын шығады, таралымы - 1 000 дана.

Авторлар пікірі редакция көзқарасына сәйкес келмеуі мүмкін және ол үшін жауапты емес.